

2022-2023 оқу жылындағы 3-сыныптың тәрбие жұмысын талдау.

Сынып: 3.

Сынып жетекшісі: Мысағалиева А.Т.

2022-2023 оқу жылында 3классты 16 оқушы бастап, 16 оқушы аяқтады.

Оның ішінде 9-ы қыз бала, 7ұл бала

Жаңа оқу жылында мынадай мақсаттар алға қойылды.

1. Мектептің ішкі тәртіп ережесін назарға алу;

2. Сыныпта бірін-бірі тыңдауға, сыйлауға, сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу, қоғамдық мүлікке жанашырлықпен қарауға дағдыландыру;

3. Сыныпта, отбасында, күнделікті өмірде салауатты өмір салтын насихаттау;

4. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, Отан алдындағы парыз ұғымын қалыптастыруға үйрету .

Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін 9 бағытта тәрбие сағатының жоспарын жасадық.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

2. Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

3. Ұлттық тәрбие

Мақсаты: тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

4. Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

7. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

9. Мінез-құлық мәдениетіне, оның ішінде интернет кеңістігіндегі мінез- құлық мәдениетіне, киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу

Мақсаты: оқушының қоғамдық ортада өзін ұстай білу, қоғамда сыйлы болуы және бағалануы, мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және әрекет етубалалардың жарақат алуының алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру.

Негізгі мақсатқа сүйене отырып, мынадай **міндеттер** алға қойылды:

1. Әрбір адамның ар мен намысын құрметтей отырып, өзін кез келген жағдайда лайықты ұстау;

2. Оқуға арналған уақытты толық пайдалануға , өзінің білім аясын кеңейтуге ынтамен жұмыс істеу, сабаққа жүйелі түрде дайындалу, сыныптан және мектептен тыс шараларға қатысу; мектеп ғимараты мен оның аумағын үнемі тазалықта ұстау;
- 3.Өзінің және жолдастарының денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі туралы қам жеу;
- 4.Үлкенге - құрмет, кішіге - ізет таныту, мұғалімдер мен ата-аналардың заңды талаптарын орындау.

Тәрбие бағыттары тәрбие тұжырымдамасында нақтыланған 9 бағыт бойынша 3-сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, жоспар құрылды және жұмыстар жүргізілді.Әдеттегідей, осы жыл ішінде оқушылардың көптеген тәрбие іс-шараларға, салтанатты жиындарға, зияткерлік ойындарға, КВН, мерекелерге, концерттер мен тақырыптық акцияларға және тағы басқа іс-шараларға қатысымы өте жақсы болды. 1-қыркүйек Білім күніне «Мектебім-мейірім мекені» атты салтанатты жиыны өткізіліп, жиыннан соң бірінғай сынып сағаты өткізілді. Құрман орта мектебінде учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Д.Қ.Бисебаев және ТЖО Б.Т. Аманбаева 3 класс оқушыларымен құқық бұзушылықтың алдан –алу мақсатында кездесіп, түсінік жұмыстарын жүргізді. Мектеп ережесін сақтауға, жол көлік оқиғасының алдын алуға, білім беру ұйымына алып кіруге тыйым салынған заттарды ұстамау, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау білу керектігі туралы мәліметтер берілді.



«Отбасы – бақыт мекені»атты отбасылық әңгіме сабақ , «Қарттарым – асыл қазынам» қарттармен кездесу сабақтары, дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында өткізілген «Денсаулық -2022» Денсаулық марафоны да оқушы, мектеп, ата-ана арасындағы байланысты нықтай түсті. 15 қараша-Ұлттық валюта күніне, «Қатыгездік пен зорлық- зомбылықсыз балалық шақ», «Біз зорлық- зомбылыққа қарсымыз!» тәрбие сабақтарын көркем еңбек, бейнелеу пәндерімен байланыстырып, балалардың ішкі жан дүниесін қағаз бетіне түсірте білдік. «Мемлекеттік рәміздерге- 30 жыл», «Мамандықтың бәрі жақсы», «Әртіс бола білемін» тәрбие сағаттарында әңгімелесе отырып, оқушының қаламын ұштап, өз ойын қағазға бетіне түсіріп, арман тілектерін тыңдап,талқыладық.



1 наурыз – Алғыс айту күніне байланысты «Алғыс – бұл ...» , «Анама арнаймын» «Наурызым – құт берекем!» «Қыздарға әсемдік жарасады» тәрбие сағаттары мерекелік бағдарламалармен байланыса тәрбиелілік мәні бар, тағылымы мол сабақ болды.



Оқушылардың қоңырау кезіндегі уақыттарын тиімді пайдалану, бір-біріне деген сенімділік пен ұйымшылдықты арттыру мақсатында түрлі қызықты ойындар «Кім жылдам?», «Дүкенші» ойыны, «Кім шапшаң?» жүргізіледі. Бұл ойындарды ойнау арқылы оқушылардың көңіл-күйлері көтеріліп, сабаққа деген қызығушылықтары арта түседі.





Құрман орта мектебінде «ДОСБОЛЛИКЕ: достық қолын ұсын» акциясының іс-шаралар жоспарына сәйкес «Спорттағы достық» бағыты бойынша 3-сынып оқушылары ата-аналарымен «Отбасылық шаңғы тебу» шарасына қатысты.

Оқушылардың отбасыларымен және ата-аналарымен педагогикалық қарым-қатынасты талдау. Биылғы оқу жылында оқушылардың ата-аналарымен де жұмыс жүргізілді. Сынып жетекшісімен жүйелі түрде пән мұғалімдерінің қатысуымен сынып жиналыстары, ата-аналарға кеңестер беріліп отырды. Барлығы 5 ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналарға жүйелі түрде кеңестер беріліп отырды. Ата-аналар бір жыл бойы сынып жетекшісіне бала тәрбиесінде де, сабақтан тыс іс-шараларды ұйымдастыруда да, өткізуде де үлкен көмек көрсетті.



Сыныптың үлгерімі тұрақты. Оқушылардың көпшілігі білім алуға қызығушылық танытады. Оқушылардың отбасына деген оң көзқарасын қалыптастыру үшін жыл бойына ата-аналарымен бірге сыныптық іс-шаралар мен мерекелер өткізілді. Мектепте балалар бір-бірімен жақсы қарым-қатынас жасайды, басқалардың пікірін тыңдайды. Оқушылар мен олардың ата-аналары мектептегі барлық іс-шараларға, түрлі байқаулар мен олимпиадаларға барынша қатысуға тырысты. Оқушылар арасындағы қарым-қатынас біркелкі, тату, оқуда бір-біріне көмектеседі. Барлық оқушылар мектептегі үйірмелер мен спорттық іс-шараларға, көркемсурет және вокал үйірмелеріне қатынасады.

Оқушылар мектептегі барлық іс-шараларға қуана қатысады, оқу сабақтарына жүйелі түрде қатысады, дәлелді себептерсіз сабаққа қатыспайды. Бұл балалармен жұмыс істеу қызықты, бірақ қоғамдық жұмыстарға барлық балалар мен ата-аналар ұжымын тарту қажет. Балалар сынып ұжымында өмір сүруге, дос болуға, жолдастарына көмектесуге, еңбек етуге үйренеді. Келесі оқу жылында сынып ұжымын біріктіру, саналы тәртіп бойынша жұмысты жалғастыру керек.



Бастауыш класс мұғалімі Мысағалиева Асемгулдің 2022-2023 оқу жылындағы жетістіктері

№	Пед.аты - жөні	Мұғалім жетістігі	Оқушылар жетістігі
1	Мысағалиева Асемгул Токешовна	<p>1. Аудандық «Алғыс хат» Аманат партиясы 2022жыл</p> <p>2. Бастауыш сынып мұғалімдері арасындағы облыстық пәндік олимпиада I-орын. 2022ж</p> <p>3. Облыстық семинар Бастауыш сыныптарда зерттеушілік жұмыстарын ұйымдастыру (дөңгелек үстел) Жоба қорғау «Сертификат»</p> <p>4. Облыстық семинар Жаратылыстану пәні арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту «Сертификат»</p> <p>5. Облыстық семинар Қазақ тілі және Әдебиеттік оқу сабақтарында веб-сервисер арқылы тіл дағдыларын дамыту «Сертификат»</p> <p>6. Облыстық семинар Оқыту үдерісінде белсенді әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігі «Сертификат»</p> <p>7. Облыстық семинар 2022ж Ақтөбе «Заманауи әдістерді қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру» облыстық шебер-класына қатысқаны үшін «Сертификат».</p> <p>8. Облыстық семинар «Білім алушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамыту» облыстық семинар-практикумға қатысқаны үшін «Сертификат»</p> <p>9. Облыстық семинар Ақтөбе 2022ж «Ерлік даңқы мәңгілік!» облыстық акцияда өзіндік ізденістерімен бөліскені үшін «Сертификат»</p> <p>10. Диплом «Мәңгілік ел ұстаздары байқауы» 1-орын 2022ж</p> <p>11. Диплом «Парасатты педагог» 2022ж</p> <p>12. Диплом «Жаңашыл ұстаз» байқауы 1-орын. 2022ж.</p> <p>13. Диплом «Педагогика-менің таңдауым» 1-орын 2022ж</p> <p>14. Диплом «Үздік мұғалім» 2022ж</p> <p>15. Қазақстандағы заманауи білім беру туралы Zertte Conference ғылыми-техникалық конференцияға қатысқаны үшін «Сертификат». 04.03.2022ж</p>	<p>Республикалық «Кенгуру – математика барлығы үшін» конкурсы III-дәрежелі Диплом Базарбай Нұрділдә Ержанұлы</p> <p>Республикалық «Кенгуру – математика барлығы үшін» конкурсы III-дәрежелі Диплом Нұртай Балауса Ғалымжанқызы</p> <p>Республикалық «Кенгуру – математика барлығы үшін» конкурсы III-дәрежелі Диплом Жалғасбай Бал Нұржанқызы</p> <p>Республикалық «Кенгуру – математика барлығы үшін» конкурсы Сертификат Құттымұрат Сұлтан Рүстемұлы</p>